



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

ИНДЕТТІҢ АЛДЫН АЛУ – МІНДЕТ

Әлемді әбігерге салған коронавирус инфекциясының екінші толқынын болдырмау, алдын алу мақсатында елімізде қарқынды жұмыстар атқарылуда. Десе де кейбір өңірлерде індет өршіп тұр. Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ онлайн режимде селекторлық жиын өткізді. Оған облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысты.

Айдар ҚАЛИЕВ

Жиын барысында Қасым-Жомарт Кемелұлы: – Жағдай тағы да күрделеніп барады. Дерт жұқтырғандар саны күн сайын көбеюде. Қазірдің өзінде екі облыс, яғни, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары қызыл аймақ қатарында. Сондай-ақ, Павлодар және Қостанай облыстарындағы ахуал да құбылмалы болып тұр, – деп қазіргі ахуал және үкіметтің қабылдаған шаралары жөнінде баяндама жасау үшін сөз кезегін Премьер-министр Аскар Маминге берді. Ол әр облыстағы атқарылған жұмыстар мен шараларды өткенмен салыстыра отырып толықтай тарақатып берді. Сонымен қатар алдағы жоспарларды да баяндады.

– Жалпы елімізде коронавирус инфекциясымен 121 мың адам ауырды. Олардың 92 пайызы емделіп шықты. Бүгінде эпидемиялық тұрақтылық бойынша қарқынды жұмыстар жасалуда. Коронавирустың екінші толқынына дайындық бойынша нақты шаралар қабылданды. Медицина ұйымдарының инфрақұрылымын дамытып, денсаулық сақтау жүйесінің әлеуетін өсіру камтамасыз етілді. Сонымен қатар дәрі-дәрмекпен камтамасыз ету жөнінде жүйелі шаралар іске асырылды. Атап айтқанда, дәрілік заттардың екі айлық республикалық және өңірлік тұрақтандыру қоры құрылды. Жалпы эпидемиялық ахуал үкіметтің бақылауында. Тәулік сайын мониторинг жұмыстары жүргізіледі, – деді Аскар Ұзақбайұлы.

Бүгінде елімізде жаңа, заманауи стандартқа сай 200 орынды 9 инфекциялық аурухана салынды. Осы айдың соңына дейін тағы төрт аурухана салынады. 14,5 мың орынды инфекциялық аурухана және мың жарымға жуық төсектік реанимациялық аурухана бар. Еліміздің әр өңірлеріне «Желде жәрдем» көлігі берілді. Осы айдың соңына дейін тағы 500-ге жуық көлік берілімек. Ал ПТР

лабораториясы көбейіп, тест тапсыру бағасы екі есеге төмендеді. Сонымен қатар, бетперде бағасы да 45 пайызға төмендеген. Бүгінде коронавирус инфекциясымен күреске 30 мыңнан астам дәрігерлер жұмылдырылған. Жағдай күрт өзгерген жағдайда қосымша 5 мың медицина қызметкері мен дәрігер көмек беруге дайын. Сондай-ақ, дәрі-дәрмек мөлшерін екі есеге дейін көбейту жоспарда бар.

Жиын барысында санитарлық-эпидемиологиялық ахуал мен қабылданып жатқан шаралар туралы Денсаулық сақтау министрі А. Цой баяндама жасады. Ал биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күншұлу Зақария вакцина мәселесі жайында баяндады.

Осыдан кейін індет өршіп тұрған облыстардың әкімдері сөз алып, аймақтарында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Әр әкімді мұқият тыңдаған Қасым-Жомарт Кемелұлы нақты тапсырма берді.

Жиын соңында ел Президенті дәрігерлерді қолдау мақсатында үстемалы төлеуді жалғастыру керектігін айтып, адам көп шоғырланған жерлерде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау, дәстүрлі білім беру жүйесін қайта қалпына келтіру, карантин кезіндегі жемқорлықпен күрес жөнінде бірқатар тапсырмалар берді. Тойды тоқтаттық дегенмен тығылып той жасап жүргендер жетіп артылады. Өйткені, бизнесмендерге дүркіретіп той жасап, айыппұл төлеген тімді. Мемлекет басшысы әр облыс әкіміне осыған байланысты қосымша шара қолдануды жүктелді.

Селектор соңында облыс әкімі орынбасарлары мен жауапты мамандарға Мемлекет басшысының тапсырмасын толықтай орындау, жиі мониторинг жасау жөнінде бірқатар тапсырма берді.



ҮЗДІК ШЫҚҚАН ҮМІТКЕРЛЕР

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс XXVII конференциясы өтіп, праймеризден үздік шыққандардың алдағы күндерге арнаған жобалары тыңдалды. Сондай-ақ, Сайлауалды бағдарламасы бекітіліп, ҚР Парламенті Мәжілісіне партиялық тізімге қосылатын кандидаттардың аты-жөні таныстырылды.

Мәди АЛЖАНБАЙ

1. Жансүгіров атындағы Мәдениет үйінде өткен алқалы жиында ашып, жүргізіп отырған партияның облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Амандық Баталов былай «Nur Otan» партиясының бастамасымен елімізде праймериз арқылы ішкі партиялық іріктеу өткізілгенін, оған облыстан 1116 үміткер өз кандидатураны ұсынғанын, іріктеу қорытындысы бойынша 1047 үміткердің іріктеуден өткенін, бірнеше кезеңмен өткізілген праймериздің қорытындысы шығарылатынын жеткізді. «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс XXVII конференциясына белгіленген өкілеттілік нормасына сәйкес аудандық, қалалық партия филиалдарынан сайланған 140 делегат толық қатысып, кезектен тыс конференция шешімдеріне дауыс берді.

Алдымен дауыс беру тәртібін келісіп алуды ұсынған модератор пікірсайыстан соң праймериз кандидаттарына онлайн форматта дауыс берілетінін, жиында қаралатын өзге мәселелер бойынша мандат көтеру жолымен ашық, тізіммен дауыс берілетінін жеткізді. Осылайша «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс XXVII конференциясы ашық деп жарияланған соң Қазақстан Республикасының Гимні орындалды.

Одан соң облыстық филиалдың Сайлауалды бағдарламасын көпшілік таныстырған филиал төрағасы, облыс әкімі Амандық Баталов: – Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Н. Ә. Назарбаев елімізде алғаш рет жүргізілген праймеризді ашық, демократиялық тұрғыда, заңды ұйымдастыру қажеттігін атап өтті. «Nur Otan» партиясының Сайлауалды бағдарламасын

әзірлеу барысында праймериз кезінде тұрғындар тарапынан көтерілген өзекті мәселелерді ескеріп, оның шешу жолдарын бағдарламаға енгізуді тапсырды. Алматы облысының тұрғындары да партиядан нақты мәселелерді шешілуін күтуде. Осы орайда «Nur Otan» партиясының Алматы облысы бойынша 2021-2025 жылдарға арналған Сайлауалды бағдарламасы әзірленді, – деп бағдарлама жүктеген міндеттерді таныстырып өтті. – «Nur Otan» партиясының облыстық филиалының сайлауалды бағдарламасы негізінен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының басым бағыттарына сәйкес жасалды. Соған орай «Nur Otan» партиясы дамудың 7 басым бағытын айқындап отыр. Олар: экономикалық тұрақты аймақ; өмір сүруге ыңғайлы аймақ; әлеуметтік бағытталған аймақ; жастарға арналған аймақ; мәдениет мен тарихы бай аймақ; ашық және есен беріп жергілікті органдар; қауіпсіз аймақ деп аталады. Сайлауалды бағдарламасында басты бағыттар, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктері есепке алынып, биылғы жылдың пандемияға қатысты қиындықтары ескерілді. Онда халықтың әлеуметтік қамсыздандыру, шағын және орта кәсіпкерлік нысандарын қолдау сынды мәселелер ерекше назарға алынып отыр. Сайлауалды бағдарламасының жобасы «Nur Otan» партиясы Орталық аппаратының сайтында жарияланған. Облыс тұрғындарының талқылауы кезінде қабылданған 1012 талап-тілектің 818-і жобадан көрсетілсе, 144 талап-тілек жобадан енгізілді. Одан бөлек, партияның жұмысы және партияшылық праймериз жөніндегі 50 сұраққа жауап берілді. Аталған Сайлауалды бағдарламаға сәйкес алдағы 5 жыл ішінде атқарылатын нақты істерді үгіт-насихат кезеңінде тұрғындар арасында кенінен жариялайтын боламыз.

Конференция делегаттары күн тәртібіндегі екінші мәселе – аудандық, қалалық конференциялардың пікірсайысында жоғары балл алған 26 кандидаттың Мәжіліске партиялық тізімге енуі үшін өткізілетін пікірсайысын тыңдап, Жетісу жерінің өркендеуіне қажетті жаңа жобалармен танысты. Пікірсайыстың алғашқы кезеңінде ауылшаруашылық, туризм, білім, мәдениет, спорт сынды салалардың жұмысын жандандырудың жаңаша жолын ұсынғандардың айтуынша, аймақтың өркендеуі үшін көптеген жұмыс атқарылып, туған жердің өркендеуіне улес қосу үшін әркім өзі еңбек ететін саланы таңсырына

қан жүргізуі тиіс. Одан бөлек, ел мен жердің амандығы, мемлекеттің дамуына ықпал ету жаныштырылып, шынайылықпен, адалдықпен жүргізілуі керек. Үш топқа бөлініп, өз жобаларын таныстырғандардың арасында өрітпесіміз, «Jetisay» газетінің Іле ауданы мен Қапшағай қаласындағы тілшісі, ақын Мақпал Мыса да тыңдаушыларға өз үнін жеткізді.

– Сөз басын ақын Расул Ғамзатовтың: «Ұлттың қамын ойламаған адамның қамын ұлты да ойлауға міндетті емес» деген сөзімен бастағым келіп тұр. Бүгінгі таңда бұл сөз өте өзекті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында: «Біз дамуың жаңа тарихыңдағы маңызды белеске жақындап келеміз. Қазір бізге тәуелсіздіктің жетістіктері еселеп, елімізді дамытудың жаңа сапалы кезеңіне шығаруды мүмкіндігі беріліп отыр», – деп атап көрсетті. Бүгін жерді ата-бабамыз бізге аманат етіп қалдырды деген сөзді жиі айтамыз. Ал бүгін ұлт болашағы үшін біз жауаптымыз дегім келеді. Ұлы мақсат жолында ұсақ-түйек деп қарайтын істер болмайды. Ұлт мүддесін бәрінен биік қойған кешегі Әлихан мен Ахмет, Міржақып пен Мұстафа бастаған жайсаңдарымыздың бәрі қаламға серт берген алыптар еді. Қара өлеңнің киесімен елін жел-жебеген Фариз апамның жолымен мен де осы доғара түстім, Мағжанның сенімін ақтар жастар үшін. Ескі жұртқа жайылған тамырмын бар. Мен туған жерге байланған кіндігім бар. Мен туған ауылдан алыстаған жоқпын. Туған жер тақырыбы мені әр кез ойлайдырады. Ел басына күн туған пандемия кезінде жұрт жаппай ауылға ағылды. Сайлауалды бағдарламаның негізгі мақсаты – ауыл жастарының әлеуетін көтеру. Ал оның кілті – мәдениетте. Білім ауыл мәдениеті, кәсіпкерлік мәдениеті, ел басқару мәдениеті дұрыс қалыптасқан қоғамда ғана біз өркеніміз озық ел қатарында боламыз, – деді ол.

Осылайша өз жобаларын таныстырып, алдағы күндерде атқарылу істердің нобайын көрсеткен үміткерлер пікірсайыстың екінші кезеңінде өзара қойылған сұрақтарға лайықты жауап беруге тырысты. Праймеризге қатысушылардың сөзі мен мақсатын салмақтаған конференция делегаттары онлайн дауыс беріп, өздері таңдаған бірнеше үміткерге қолдау көрсетті. Алматы облысынан ҚР Парламенті Мәжілісіне партиялық тізімге қосылу үшін пікірсайыс қорытындысы бойынша жоғары дауыс жинаған 8 кандидаттың аты-жөні жарияланды, озық шыққандардың есімі таныстырылды.

Ал пікірсайысқа қатысқан басқа кандидаттар облыстық мәслихатқа депутаттыққа кандидат ретінде енгізілді.

Кезектен тыс конференцияның күн тәртібінде «Nur Otan» партиясының облыстық мәслихатқа депутаттыққа сайлау бойынша партиялық тізімді бекіту, алдағы 25 қарашада Нұр-Сұлтан қаласында бейнебайланыс режимінде өтетін «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XX съезіне қатысатын делегаттардың тізімін бекіту, облыстық партия филиалының Сайлауалды штабының басшысы мен орынбасарларын таныстыру, облыстық филиалдың Саяси кеңес құрамына өзгеріс енгізу сынды мәселелер қаралып, көпшіліктің қолдауына ие болды.

БАСПАСӨЗ – 2021

Әр мақаласын отбасымызбен оқитын, сара сөзін санамызға тоқитын, кішкентайымыздан көзге ыстық, көңілге жақын жан азығы – өзіміздің «Jetisayға» жазылайық!

«Jetisaydy» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		кала	ауыл	кала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	4855,68	5165,28	9711,36	10330,56
Зейнеткерлер үшін	35469	3069,36	3378,96	6138,72	6757,92
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3216,96	3526,56	6433,92	7053,12
Жалпы жеке жазылу	65469	3367,44	3677,04	6734,88	7354,08

Баспасөзге жазылу бойынша сұрақтарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
8 (728) 2 40 20 69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81.

ЖОЛ МӘСЕЛЕСІ

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің өкілдері «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесіп Үштөбе қаласы мен ауылдық округтерде «Сапалы жол» атты жоба шеңберінде тексеріс жүргізді.

Басты мақсат – тұрғындар талабы бойынша жаңа салынып жатқан жолдардың сапасын тексеру. Автомобиль жолдарының сапасына, жөнделуіне және күтіп ұстауына қатысты азаматтардың жүгінуіне байланысты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі «Адалдық алаңы» жобасы шеңберінде «Сапалы жол – адалдық алаңы» атты жобалық кеңсесі құрылған болатын. Осыған орай департамент өкілдері Үштөбе қаласы мен аудан округтеріндегі көше желілеріне автомобиль жолдарын салу, қайта жаңғырту, жөндеу және күтіп ұстау кезіндегі жұмыстар мен материалдардың сапасын тексеру мақсатында блогерлер мен бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, мониторинг жүргізді.

– «Сапалы жол» жобасы аясында жолдың салынуына, қайта жаңғырту кезінде жолдың сапасына көңіл бөлінеді. Осы жоба аясында жол сапасын тексеру мақсатында «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» мекемесінен жылжымалы зертханашарықтар, Олар көшелерге салынаған асфальттің үлгісін алып, құрамын зерттейді. Стандартқа сәйкестігі тексеріледі. Егер заңбұзушылықтар орын алса, біздің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тиісті шаралар қолданады, – дейді Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің



Алматы облысы бойынша департаменттің аға офицері Гүлмира Валиева.

Біз Тастөбе ауылдық округіне қарасты Совхозная көшесіне жүргізілген тексеріске куә болдық. Бұл көшеге асфальт төсеу жұмысын «SILK ROAD Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізіп жатыр екен. Жалпы, аталған мердігер компания 16 көшенің орташа жұмыстарын жүргізу үшін ашық конкурстан 415315,387 теңге ұтып алып, «Қаратал аудандық жолушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесімен биыл 20 мамырда № 24 келісімшартқа қол қойған болатын. Қазіргі таңда 16 көшенің жетеуі, атап айтқанда, Ояң ауылындағы №1 шағын көшесі, Мұсанов, Шорабаев көшелері, Көкпекті ауылының Абай-1, Абай-2 көшелері, Бастөбе ауылының Гастелло, Тастөбе ауылының Абай көшелері және Жаңаталап ауылының № 1 шағын көшесі бойынша орташа жөндеу толығымен жүзеге асқан. Қазіргі таңда қалған көшелерге орташа жөндеу жұмысы жүргізілуде.

«Сапалы жол» жобасы аясындағы тексеріске басты себеп – ауыл тұрғындарының жолдың сапасына байланысты әлеуметтік же-

не екі жыл кепілдік береміз. Сондықтан жол тез тозып, келер жылы қайта жасамас үшін барынша сапалы жасауға күш салудамыз, – дейді «SILK ROAD Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Дидар Омаров.

Жол салу жұмысының кешігіп жатқаны – асфальт шығаратын зауыттарда битумының жетіспеушілігінен. Мердігер компаниялар тарапынан сураныстың көптігінен қажетті материал жетіспей жатыр. Әйтпесе, барлығы жобалық-сметалық құжат бойынша жасалу үстінде. Кейбір жерлерде асфальттің сапасына байланысты тұрғындар инстаграм, фейсбук секілді әлеуметтік желілерде өз пікірлерін білдіріп жатады. Біз жол төсеп жатқан мердігерлерге жұрт тарапынан айтылған сын-ескертпелерді айтып, кемшіліктерді көрсетіп, оқылықтардың орын тоқтыру үшін жұмыс жүргіземіз. Смета бойынша қайта қарастырамыз. Сондықтан барлық нысанда кеткен кемшіліктер жойылады. Қазіргі таңда көше жолдары бұрынғы деңгейінен әжептәуір көтеріліп, жол екені көрініп қалды. Асфальт төсеген көшелерге ризашылығын білдіріп жатқан тұрғындар да бар. Біз әр мердігермен келісімшарт жасағанда жұмыстың уақытылы, сапалы аяқталуын жеті бақылаймыз, – дейді «Қаратал аудандық жолушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Самат Жарманов.

Иә, жұрт жолдың тақтайдай тегіс, барынша сапалы болғанын қалайды. «Жол азбын жүрген білер» демекші, әр аудан тұрғыны көшесінің асфальті ұзақ қызмет етсе екен дейді. Жаңа салынған жолдың бірер жылдан кейін ойдым-ойдым шұңқыр болғанын қаламайды. Сондықтан жұрттың талап-тілегі орынды деп айтуға толық негіз бар.

Ақтар ОМРБАЕВ
Қаратал ауданы

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 мамырдағы «2020 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы» № 198 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрінің бұйрығымен бекітілген өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 38-тармағына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 2020/9 тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1. Алматы облысы әкімдігінің «2020 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы» 2020 жылғы 12 мамырдағы № 198 (Нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 5523 тіркелген, 2020 жылдың 13 мамырында Қазақстан Республикасы Нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;
2. «Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
1) осы қаулының Алматы облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуі;
2) осы қаулының Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуы;
3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуы қамтамасыз етісін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Тұрдалиевке жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ

Алматы облысы әкімдігінің қаулысына қосымша

Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы «12» мамырдағы «2020 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы» № 198 қаулысына қосымша

Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдері

мың теңге

Table with 6 columns: Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға қажет етілетін ақшалай қаражат, соның ішінде: бірегей тұқым, элиталық тұқым, бірінші репродукция тұқымдары, бірінші ұрпақ бұандарының тұқымдары, элиталық көшеттері. Values: 1 597 200,0; 0; 4 614,9; 33 418,7; 698 436,0; 860 730,4

«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ — 2025»

ҚОЛДАУҒА ИЕ БОЛДЫ

Облыстағы алғашқы шағын бизнес жобасы портфельдік субсидиялау және кепілдендіру түрінде қолдау алды. «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасының «Шағын, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін қолдау» бірінші бағыты аясында «Даму» қоры «Имамнизова» жеке кәсіпкерлігі жобасын қолдады.

инвестициялар мен айналым қаражатын толықтыруға салалық шектеусіз 20 млн. теңгеден аспайтын сомада кредиттер ала алады. Субсидиялауды ескере отырып, кәсіпкерлер үшін сыйақы мөлшерлемесі 6 пайызды құрайды. Кәсіпкерлер алған кредиттер бойынша кепіл ретінде кредит сомасының 85 пайыз мөлшерінде «Даму» қорының кепілдігін пайдалана алады. Бұл ретте қор кепілдік міндеттемені бір күн ішінде шығарады.

Бағдарламаның екінші бағыты бойынша тиімді кәсіпкерлер мен индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері салалық шектеусіз, сауда саласындағы инвестициялық жобалардан басқа мемлекеттік субсидиялар есебінен 6 пайыз сыйақы мөлшерлемесімен 7 млрд. теңгеге дейін несие ала алады. Бұл ретте айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредит сомасы 500 млн. теңгеден, ал сауда саласында 100 млн. теңгеден аспауға тиіс.

Айтүл БАЙБОСЫНОВА

дік кепілдігі кредиттік желі бойынша кепілмен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, портфельдік субсидиялаудың арқасында компания кредит бойынша мөлшерлемесі 6 пайызға дейін төмендетуді көздеп отыр. Айтпа кетпей, ағымдағы жылдың 30 шілдесінен бастап аталған бағдарламаның бірінші бағыты бойынша сыйақы мөлшерлемесін портфельдік субсидиялау және банктердің кредиттері мен микроқаржы ұйымдарының микрокредиттері бойынша кепілдік беру түрінде қаржылық қолдау көрсетіледі. Шағын және микрокәсіпкерлік субъектілері

БРИФИНГ

«Jetisy media» алаңында облыс әкімінің орынбасары Рустам Әлидің қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТARTY

Еңлік АРЫҚБАЙ

«Тәуелсіздікке тарту» тақырыбында өткен брифинг барысында әкім орынбасары 16 қараша мен 16 желтоқсан аралығында облыста республикалық маңызы бар шаралар өтетінін айтты. Сондай-ақ, ұйымдастырылатын 30 араға да облыс әкімі Амандық Бағалов қатыспақ. Оның сыртында Тәуелсіздік күніне орай 100-ге жуық іс-шара жоспары бекітілген.

– Жыл соңына дейін «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1051 нысан қолдануға беріледі. Аталмыш бағдарлама аясында 20 мың жаңа жұмыс орны ашылған. Сондай-ақ, 133 коттеджді үй және 1425 пәтер кілті өз иесіне табысталады. Елбасы тапсырмасына сәйкес 100 сауықтыру орталығының жетеуі жыл соңына дейін пайдалануға берілмек, – деген Рустам Әлиұлы келесі жылға құрылып, қаржыландырылған нысандарға тоқталды.

Қолға алынған шаралардың кейбірі барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, офлайн форматында өткізілмек. Олардың қатарында дәстүрге айналған «Көшбасшы» байқауы мен журналистерге арналған «Самғу» сыйлығы атауға болады.

Баспасөз мәслихаты соңында 1 минуттық «Тәуелсіздікке тарту» бейнематериалы көрсетіліп, қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

ӨНЕР, БІЛІМ БАР ЖҰРТТА...

ҒЫЛЫМ — ТАУСЫЛМАЙТЫН КЕН

Ғылым – таусылмайтын кен. Қазан сайын адамзатқа берер пайдасы арт түспек. XXI ғасырда ғылымның екпіні үдеп, берер жемісі де молай түсуде. Осыны ерте түсінген әлемнің алпауыт мемлекеттері қазынаны жер қойнауынан емес, адам миынан іздеуде. Алақандай ғана аралда тұрып, қазба байлықтарды былай қойғанда, құмның өзін экспорттайтын Сингапур, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттер жаңалықтың жаршысы болуда. Бүгінгі таңда олар жоғары инновациялық белсенділіктен, заманауи жаңартылған өндірістік аппаратпен, тоқтаусыз дамытылып отырған өнім сапасымен ерекшеленеді.

Жапония экономикалық қиындықтарға тап болған тұста қалыптасқан өндірістік жүйе мен жоғары дамыған ғылыми-техникалық саланың арқасында бәрін сәтті шеше алды. 2004 жылдың қорытындысы бойынша олардың ғылыми жұмыстарға жұмсалған шығын көлемі 16,9 трлн. иен, яғни 127,1 млрд. долларға (жалпы ішкі өнімнің 3,4%) тең болды. Бөлінген қаражаттың көлемі бойынша Жапония АҚШ-тан кейінгі екінші орынды иеленсе, жұмсалған шығынның жалпы ішкі өнімнің үлесі бойынша Америка Құрама Штаттарынан асып түсті.

Тоқаев өткен жылы «Педагог мәртебесі туралы» Заңға қол қойды. Заңда ұстаздарға көптеген жаңашылдық, жақсылықтар қарастырылған. Біріншіден, 2020 жылы жалақыны 25 пайызға өсіру және төрт жыл ішінде оны екі есе арттыру көзделген. Педагогикалық шеберлігі үшін лауазымдық жалақыдан 30 бен 50 пайыз аралығында жаңа қосымша ақы және магистр дәрежесі бар ұстаздарға 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақы енгізілді. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметі атағы үшін мұғалімдерге 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы сыйақы төленеді. Екіншіден, педагог өз міндетіне жатпайтын функцияларға тартылудан қорғалады. Сонымен қатар, енді педагогтарды әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылады. Осылайша ұстаздарға жасалып отырған қамқорлықты еліміздің болашағына, өркендеп дамуына ашылып отырған мүмкіндік деп түсінуге болады.

парасатты ғалымдар шығаратындығы шындық. Әл-Фараби бабамыз «Ғылым жоқ елдің болашағы бұлыңғыр» деген екен. Демек, еліміздің өркендеп дамуы тікелей ғылымға, ғылымның дамуы парасатты ғалымға байланысты екені хақ.

Ғылым мен білімге бөлінген қаржының қайтарымы мол екенін айрықша атаған еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына биылғы Жолдауында Үкіметке жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуді, сондай-ақ, «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлуді тапсырды.

Білім мен жемқорлықтың саясатта негізгі бағыт ретінде ұстанған Сингапурдың білім беру жүйесі әлем бойынша үлкен талқылауға және өзгеріске түсіп отыр. Реформа бойынша да алдыңғы орында осы ел тұр. Олар әр оқушыға өмір бойы білім алуға мотивация береді, жаңа технологияларды, кәсіпкерлік негіздерін меңгертеді. 2015 жылдан бастап Сингапурда мектепке мұғалім ретінде университеттің ең үздік түлектерін ғана қабылдау енгізілген.

Қазіргі уақытта ғылым саласындағы басым бағыттардың бірі өнімді ғылым кеңістігіне кірігу болып табылады. Ғылым мен техника саласында Ұлыбритания, АҚШ, Қытай, Корея, Жапония, Германия, Франция, Польша, Ресей, Украина және т.б. елдермен 30-дан астам мемлекетаралық келісім жасалды. Осындай интеграциялық маңызды құралы – бірлесіп ғылыми зерттеулер жүргізу, халықаралық ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысу.

Білім мен жемқорлықтың саясатта негізгі бағыт ретінде ұстанған Сингапурдың білім беру жүйесі әлем бойынша үлкен талқылауға және өзгеріске түсіп отыр. Реформа бойынша да алдыңғы орында осы ел тұр. Олар әр оқушыға өмір бойы білім алуға мотивация береді, жаңа технологияларды, кәсіпкерлік негіздерін меңгертеді. 2015 жылдан бастап Сингапурда мектепке мұғалім ретінде университеттің ең үздік түлектерін ғана қабылдау енгізілген.

Директор болу үшін мастер-мұғалім болуы керек. Жалпы тәжірибеден өтіп, жартыжылдық тренингке қатысып, шетелде тәжірибе алмауы қайту шарт.


Президент тапсырмасына сәйкес дарынды шетелдік ғалымдарды жұмысқа тарту, соның ішінде үздік қазақстандық ғалымдарды елімізге қайта оралуға ынталандыру бойынша жұмыстар атқарылууда. Отандық ғалымдардың ауқымды халықаралық жобаларға қатысуы үшін жағдайлар жасалынууда. Қазіргі кезеңде қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды кеңінен қолдану, жаңа формациядағы педагогтар даярлау арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді көздеп отыр. Бұл мақсаттар еліміздегі білім беру жүйесінің алдына жаңа инновациялық, технологиялық әдістерді қолдану, оқытудың жаңа модельдерін іздестіру және оны үнемі жетілдіріп отыру міндеттерін алға тартады.

XX ғасырдың басында Алаш зиялысы Мағжан Жұмабаевтың «Алты Алаштың басы қосылса, төрттеді орнын мұғалімдік» деген ұлағатты сөзі әлі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Ел басқарушыдан бастап еңбек адамына дейін ұстаздың алдынан өтеді. Алған тәрбиесі мен біліміне сай мемлекетке қызмет етеді. Демек, ұрпақ болашағы – ұстаздардың қолында. Осыны ескерген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Дәл осы жүйе бүгінгі таңда біздің елімізде де жүзеге асырып жатыр. Жоғары оқу орнындағы педагогикалық мамандықтарға ҰБТ қорытындысы бойынша 70 балдан жоғары жинаған мектеп түлектерін қабылдауда. Нәтижесінде мұғалімдік мамандыққа мектепте үздік оқыған түлектер көптеп келуде. Олар болашақта үздік ұстаз болып, үздік шәкірттерді тәрбиелейтін сөзсіз. Үздік шәкірттердің арасынан ақыл-пайымы мол,

Ә. БЕКТҰРҒАНОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan» партиясының мүшесі

ӨҢІР ДАМУЫ



Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

«Jetisy Media» ақпараттық алаңы ұйымдастырған көшпелі брифинг Илияс тұған қасиетті топырақта жалғасын тапты. Ақсу ауданының әкімі Есім БАЗАРХАНОВ облыс журналистеріне өңірдің экономикалық даму көрсеткіші жайында баяндап, мемлекеттік бағдарламалардың іске асу барысын таныстырды.

Гүлжан ТҰРСЫН

Жуырда Ақсу ауданында елді жаудан қорғанға, жоңғар шапқыншылығында өлшеусіз ерлік көрсеткен Бөрібай батырға ескерткіш қойылғаны белгілі. Рухани жаңғыру аясындағы осындай игі іспен бірге халықты жұмыспен қамту, жаңа өндіріс орындарын құру, көшелерді жөндеу секілді кезек күттірмес міндеттер де ретімен жүзеге асуда. Мәселен, «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында ауданның автомобиль жолдарын орта-

АҚСУДА АТҚАРЫЛҒАН АУҚЫМДЫ ІС

ша жөндеуден өткізуге республикалық бюджеттен 652 млн. 242 мың теңге бөлінді. Қазіргі таңда Молалы, Алажиде, Кеңжыра, Қошкентал, Сағабұйек, Есеболатов, Қашқұрес, Алтынарқы, Қарақоз ауылдарының ішкі көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, Суықсай, Көкөзек ауылдарының ішкі көшелерінің негізгі бөлігі жасалды. Аудан әкімінің айтуынша, Қапал ауылының ішкі көшелерін күрделі жөндеуден өткізуге 330 млн. теңге бөлінген. Қапалдағы жол жөндеу жұмыстары аяқталып, қазіргі таңда жол белгілерін орнату шаралары қолға алынған. Ал Матай ауылының көше жолдарын орташа жөндеуге 50 млн. теңге бөлінді, «Болат Қулан – 2006» ЖШС құрылысты аяқтауға тағян. Жаңалық ауылында да осындай қуанышты жаңалық жалғасуда. Ауданда бұқаралық спортты дамыту және ауыл балаларын спортқа бейімдеу мақсатында 14 ауылда шағын спорт алаңы салынды. Спортпен шұғылданамын деген тұрғындар үшін шағын алаң маңынан аспалы темір, швед қабырғасы, қолмен тартылуға арналған керме жасалған.

Жансүгіров ауылында Орталық саябақ абағандырылған. Жобаға сәйкес саябақ толықтай жаңғырып, ішіне балалар мен жасөспірімдер ойылатын әткеншектер мен асыралықтар қойылған. Саябақ ортасында орналасқан Екінші дүниежүзілік соғыс құрбандарына қойылған стела толықтай жөнделіп, гранитпен қапталған. Ондағы балалар және үлкендерге арналған бассейн, саябаққа баратын арық жүйелері қайта жаңғыртылып, заманауи қалыққа енеді. Өңірде балалар ойын алаңымен бірге аспанақты кинотеатры жөнделіп, кафе ашылды. Қазіргі кезде саябақта 100-ге жуық жұмысшы, 2 дана трактор, 2 дана манипулятор және 3 дана жүк көліктері жұмыс істедуде. Ағымдағы жылдың мамыр айында Жансүгіров ауылында «Сервистік әкімдік» жобасы іске асқаны мәлім. Мұнда халыққа 49 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетілді. Сонымен қатар, есептік кезеңде 820 әртүрлі мемлекеттік қызмет жүзеге асырылды. Аудандағы 49 елді мекеннің 41-і таза ауызсу жүйесімен қамтылған.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында «Гидротехника жоба» ЖШС Жансүгіров ауылының Бұқарбай, Толғанбай ақын, Жансүгіров, Қабанбай батыр, Әубәкіров, Абай, Пушкин, Ақын Сара және Кенжебаев көшелерінің ауызсу жүйесіне күрделі жөндеу жүргізген. Ауданда «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында 51 жоба іске асырылып, нәтижесінде, 537 жұмыс орны ашылған. Илияс Жансүгіров ауылының жарықшамдары жаңадан жасалды. Сонымен қатар, Қапал, Қызылағаш ауылдарына түнгі көше шамдары қойылды. Бірінше ауылда шағын футбол алаңы бой көтерді. Ауыл жолдарына орташа жөндеу жұмыстары жасалумен бірге негізгі және орта мектептердің ішіне дәретханалар орнатылды. Мұның бәрі – балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге игі қадам. Ауданда нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында техникалық және кәсіптік біліммен және ысқақамерздік үш айлық кәсіптік оқытумен қамтамасыз ету қарастырылған.

Нәтижесінде, елу адам оқытылды. Талдықорған сервистік-технологиялық колледжінде 45 адам аспаз, тігін, маникюр мамандықтары бойынша оқуда. Жансүгіров ауылындағы айналма жолға тұрғызылған Бөрібай батыр ескерткішінің маңайын абағандыру және тұғырын орнату жұмыстарына 52 млн. теңге бөлінді, «Хан Тенгри Құрылыс» ЖШС игі істі мұқият орындап шыққан. Жобаға сәйкес, ескерткіш тұғырының биіктігі 7,5 ені – 4,5 метр. Тұғырдан 20 метр қашықтықта айналыра қазак батырларының есімі жазылған 5 гранит тас қойылған. Бөрібай батыр ескерткішімен елдікті, береке-бірлікті паш еткен өңірде халық үшін атқарылып жатқан жұмыс та өз нәтижесін беруде. Оған көшпелі брифинг аясында көз жеткіздік. Аталар рухы қайта оянған асқақ өлкеде мал мен егіншілікті кәсіп еткен, ауызбірлік сақтаған, ағайынгершіліктен аттамаған қалың ел тұрады. Көшпелі брифингті елдің еңсесі адал еңбегімен биік екені деп түйіндей таркастық.

Ақсу ауданы

◆ ЕЛ АНАСЫ

Ел анасы деген ең биік есімді иелену – екінші бірінше бұйыра бермес бақыт. Қанша дәуір аунаса да, қанша заман өзгерсе де ондай атты арқаалаған аналар өз биігінен түспейді. Қадірлі Зыққа – Зылиха ТАМШЫБАЕВА жайлы естелік жазсам уақыттың ырқына бағынбайтын қай кезде де құндылығын жоғалтпайтын бір нәрсе барын анық білемін. Ол – адамгершілік, ол – адал еңбек, ол – елге тигізген шарапатың.



бие жұмысының арқауын іс жүзінде ұтымды ширата білген жас Зылиха партия, кеңес органдарында мәртебелі әрі басшылық қызметті үлкен абыроймен атқарып, ел мақтаншына айналған Бижамаал Раманова, Бәтима Сақауова сынды апаларымызбен де қоян-қолтық жұмыс атқарды. Қарақан қамынан ел мүддесін жоғары бағалап өскен апаларымыздың барлық бастамашылық ұсыныстарын қолдап, ойлаған ойының орындалуына көмектерін көрсетуден, ақыл-кеңес беріп, іскерлікке, тиянақтылыққа баулуға жалыққан емес.

Нәтижесінде, мінез-құлықтары әртүрлі, жас мөлшерінің айырмасына қарамастан Жетісудың үш ару қызы, абзал анасы, ардақты әжесі «туыстан жүріс жақын» дегендей, бір-бірімен дос болып, еңбек ардагері, қоғам қайраткері атанып, күллі қазақ халқына танылды, қошеметіне бөленді. Бұл айтып отырғанымыздың асыра дәріптеуден аулақ, шынайы мінездемесі екенін Көксу ауданы ғана емес, Талдықорған өңірінің бүкіл қазіргі еңбекшілері қолдайды, қуаттайды, бөле-жармай, бір кісідей біздің Зыққа деп пір тұтады.

Мұның сыры айтпаса да белгілі. Зыққа бір әулеттің емес, үлкен ұжымның көшін бастады. Әркімнің қысылғанда қасынан табылатын жанашыры, қуанышта төрін көрінер құрметті қонағы, ел анасы бола білді. Ауыл тұрғындары ол кісіні «мамма» атап кетуі оның қандай ізгі жан болғанын айғақтайды. «Мейірімділік анадан» деген қазақтың қасиетті сөзі бар. Зылиха осы да-

лып, бір-біріне көмек көрсетудің маңыздылығы насихатталуда. Бұл да Зылиханьң ауылында болған тәжірибе. Ел анасы ауылдағы әрбір тұрғынға, әрбір отбасына қамқорлықпен қарап, бір-біріне көмектесуге, жанашыр болуға, қарайласуға үндеді. Нарықтық экономикаға бейімделе алмай, тұрмыс тауқыметін тартқан қаншама шаңырақты алға сүйреді десеңізші?!

Сол бір қиын-қыстау заманда ауылдар қанырап, небір сапалы маман иелер қала жағалап, сауда жасап кетті. Сондай сындарлы шақта Зылиханьң ауылынан бірде-бір адам сыртқа көшкен жоқ. Керісінше, Зыққа тығырлықтан жол тауып, табыс көзін ұйымдастырып, елдің енесін тіктеді. Қиындыққа шыдамдылық танытып, береке-бірлікке сызат түсірмеуге тырысты. Зыққа жастайынан әділетшілік, тәртіпті, бір жеңден қол, бір жағадан бас шығара білетін ұйымшылдықты сүйді. Өзі басқарған ауылында соған үндеп, кейінгі жастарға өшпес өнеге көрсетті.

Зықан ауыл тұрғындарының ауызбіршілігін арттыру, еңбекке баулу, табиғатты таза ұстау мақсатында Көше тойын өткізетін. Мұнда тек көшенің тазалығы ғана емес, бау-бақшаға, әр үйдің ішіне, ауласына да баса назар аударылатын. Мақсат тазалыққа мән беру болғанымен, осы бір шағын шараның өз ауылдағы ағайынды бір-бірімен жақындығын, бір-біріне деген қамқорлығын арттыра түсетін. Жасыратын неси бар, мен де Ақсу аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқара жүріп, аудан тұрғындарынан адал еңбекке баулып, ауыл мәртебесін көтеруге жұдырықтай жұмылдыруда Зылиханьң осы әдісін өзімізше түрлендірдім. Ауыл тойы деген шараны қолға алып, өңірдің өркендеуіне атсалыстым. Осы бір шаралардың арқасында мен жетекшілік еткен аудан облыс көлемінде жаңа бір қырынан көрінді. Мінекей, Зылиханьң бір идеясының өзі осындай үлкен нәтижеге алып келетін.

Бүгінде өңірлерде «Ауыл – ел бесігі», «Жұмыспен қамтудың Жол картасы – 2020» жобалары аясында қаншама игі іс атқарылып жатқанын көзбен көріп жүрміз. Ауылдың дәрежесін көтеріп, инфрақұрылымын дамыту – кезек күттірмейтін іс. Зыққа да ауылдың экономикасы мен құрылыс нысандарына көңіл бөліп, елді мекеннің ажарлы болуына күш салатын. Қайда жүрсе де, ол арыдан ойлайтын, көрген, іскер, ұтқыр ұйымдастырушы еді. Ер атқара алмас небір жауапты жұмыстарды ұрышқына иіріп, ұтымды шешім шығарып отыратын. Оның осы бір артықшылығына қайран қалып, ғасырларда бір туатын әйел гой деп топшылайтынмын. Бүгінде оның жарқын бейнесін ойлаған сайын осы ойымның ақиқаттығына көз жеткізе түсемін.

«Еңбекші» кеңшарына келген алғашқы күннен бері Зылиха Жанболатқызының қасында болған, басшылық қызметте жүрген Танатар Әбдірахманов есімді азаматтың: «Үш күндігін ойламаған әйелден без, үш айлығын ойламаған еркектен без», – деген үлкендердің ақылынан аусытқымай, талай шаруаны тындырып, талай нәтижеге қолы жеткен адамның бірі едім. Ал Зылиха бесжылдық жоспардың әр тармағын өндірістік-қаржылық жоспарға кіргізіп, бекітумен шектелмейтін. Оны орындау жолынан саралап, әрқайсымыздың жауапкершілігімізді анықтап, мүмкіншіліктерімізді пысықтап, келешекті қамын кенінен ойландырып, маңдай термен келетін толағай табысты бармақ басты, көз қыстандан аулақ, ысырапсыз жұмсап, шыбын-төуге, талаң-таржаға салуға жол бермей, ел игілігіне тиімді пайдалануды мұқият қалағалап, бәрімізді үнемділікке, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа баулып отыратын. Партия талабы солай болған шығар. Дегенмен, біздің Зыққа партия сенімінен гөрі халықтың сенімін жоғары бағалап, өз тағдырын елдің тағдырымен ұштастырып әр әулеттің тыныс-тіршілігін тамыршыдай дөп басып отырған адам. Оның басқалардан артықшылығы да осында жатыр», – дегені бар еді.

Иә, айтса аяқандай-ақ, ертеректе өзінің тікелей басшылығымен салынған еңселі Мәдениет үйі, жаңа үлгідегі мектеп пен балабақша, екіқабатты сауда орталығы мен емхана ғимараттарының, су құбырының істен шықпай сақталуы, ауыл көшелеріне асфальт төселіп, жарықтандырылып, бірде-бір тұрғын үйдің қаңырап бос тұрмауының өзін сырт қыл тек осы елдің береке-бірлігі деп санама, ауыл тұрғындары оны Зылиханьң арқасы дейді.

Қандай жақсы пікір десеңізші?! Тіпті, өңештен ала келген онтайландыру саясатына қарамастан Бесқайың орта мектебінің сақталуы, Әбдібәк Дүйсековтің де-меушілігімен Кеңарал ауылындағы Сәндібаба Қырықбаева атындағы мектептің бастауыштан сегіз жылдыққа, одан орта мектепке айналуды, соның дәлелі. Мұның сыртында әркім өз қажетін өзі табатын қысыл-таяң күн туғанда, алғашқылардың бірі болып дірмен, наубайлана, шұжық, мақоран шығаратын цех салынып, оның өнімдерінен түскен табыс күн сайын тамшылап тұрды. Мұның бәрі күні кешегідей ауыл тұрғындарының жадында.

«Жақсылар жақсымын деп айта алмайды, жамандар жақсымын деп айта алмайды». Қазақтың осы бір сөзі қандай мағыналы еді десеңізші?! Зылиханьң бұл пәнімен қолтасқанына да он жыл өте шығыпты-ау. Жалдырып жүрген, қызу еңбектің көрігін қыздырған қызықтық шақ кеше ғана сияқты еді. Уақыттың тегершілігі адамның ырқына бағынбайды. Ары-беріден соң санақтың да өзіне бағындырып, өткен күнді ұмыттыруға тырысады. Бірақ Зыққадай ел аналары ешқашан халық жандынан өшпейді. Өйткені, ол қазақ әйелінің қандай болатынын өзінен ерен еңбегімен паш етіп кетті. Көне тарихтан сыр тартатсақ, Тұмар патша, Ұмай ана, Домалақ ана, Бопай, Айғаным, Зере, Әлия мен Мәншүк, Ләззаттардың көшіне Зылихадай ел анасының есімі де қосылғаны еш дау тудырмаса керек.

Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ,
Алматы облысының Құрметті азаматы

АУЫЛ деп СОҒҚАДАН ЖҮРЕК

• Сағыныш

Мәңгі есімізге

Осыдан он жыл бұрын Зылиха Тамшыбаева өмірден өтті деген суық хабарды естігенде қабырамыз қайысып, жанымыз ауырып, жүрегімізге біраз салмақ түсті. Себебі, қазақтың біртуар қызын кім болса да ажалға оңай қия қоймасы анық еді. Аман қанша? Өмір заңы осы.

Зулал жатқан уақыт-ай десеңізші?! Бірақ қанша кун, ай, жыл өтсе де жақсының аты, істеген өнегелі ісі, соңына қалдырған ізі ешқанда да өшпек емес.

Зылиха Жанболатқызы тағдырын, еңбегі арқылы тұлғалық келбетін өзі қалыптастырған қайсар жан. Адамның білімділігі, ойлылығы, жасампаздығы мен жақсылығы да еңбектен келіп іске асатынын арақты жан өмірлік өрнегімен дәлелден берді. Шыдамды, сабырлы, шыныыл, байсалды қалпынан ешқанда да айнымаған елдің анасы соңғы демі қалғанда халықтың қамын ойлап кетті.

Пана тұтып келген жандарды өзінен үлкен я кіші болса да мәселесін соңына дейін тындау, істің дұрысы мен бұрысын айту, жан дүниесін түсіну, ақыл-кеңесін беру, жол көрсету ол кісінің туабітті асыл қасиетінің бірі болатын. Әсіресе, қыз-келиндерімізге үлгі-өнегелі істерін насихаттап, отбасында сүйікті жар, аяулы ана, мейірімді әже болудың шынайы өнегесін көрсетті. Берекесі мен бірлігі жарасқан бір ауылдың асыл анасындай болды.

Қаршайдай қыз кезінен қайнаған еңбекке білек сыбана араласып, қатардағы сауыншыдан іргелі кеңшардың басшысы дәрежесіне дейін көтерілген ауылшаруашылығының білгірі, «дала академиясы» атанған Нұрмолла Алобереновтің өнегелі шакірттерінің бірі болған ардақты да асыл жанның ерлігін халық ұмытпайды.

Қазақ қызының қайсарлығын, қазақ әйелінің зиялылығы мен бекзаттығын жалпақ жұртқа көрсете білген Зылиха Жанболатқызы сенімге селкеу түсірмеген, сөзін сыртқа шашпаған, алыпқапшыт әңгімелерден бойын аулақ ұстаған, күншілдікті бойына дарытпаған, өзелерінің табысына сәттілік тілеп, қалтқысыз, бүкпесіз қуана білген, мансапқа емес, ел игілігіне қызмет етудің өнегесін көрсеткен, халықтың рухани өмірінің жаршысы бола білген мемлекет және қоғам қайраткері. Іскер басын, ірі ұйымдастырушы Зылиха Жанболатқызы өзінің адал еңбегі мен кәсіби жауапкершілігі арқылы Жетісудың гүлденуіне аянбай үлес қосты. Төгілген маңдай тердің өтеуі ақталды. Ең бастысы, халық сыйына бөленді.

Адамның сыйлы, құрметті болуы оның адамгершілігіне, адалдығына тікелей тәуелді. Ата-анасын сүйіпана бала Отанын құрметтей алады. Ондай жандар жүрген жерің шаттыққа бөлеп, нұрын шапшады. Айналасына мейірім мен жылыуды төккен дарқан даланың қайсар қызы Зылиха Жанболатқызы мәңгі жүрегімізде.

Күләш ТҮМЕНБАЕВА,
Талдықорған қаласының Құрметті азаматы,
еңбек ардагері

Даналық үлгісі

Халықтың жүрегінен ойып орын алған ұлы тұлғалар жайлы таңды таңға ұрып әңгіме айтуға болады. Олардың саналы ғұмыры, жүріп өткен өмір жолы жас ұрпаққа мәңгі мұра болып сақталатыны анық. Әсіресе, қазақ көңіне дүлей жарқырап, нәзік те болса еңбектің ерен үлгісін паш еткен қазақтың қайсар қыздарына деген құрмет бәрінен жоғары болмақ.

Зылиха Жанболатқызымен отыз жылдай бірге қызмет еттім. Осы уақыт аралығында ол кісінің адам баласына дауыс көтеріп, ауыз сөз айтқанын естіген емеспін. Басшылық қызметте жүріп қарапайым мінезімен көпшілікке өнеге көрсете білді. Қазақтың қара қызы халық үшін аянбай еңбек етті. Халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, рухани кемелденуіне, мәдени дамуына барынша еңбегін сипірді.

Күнде нағыз жұмысын ауылдағы бес көшені аралаудан бастайтын. Мұндағы мақсат – халықтың күнделікті тіршілігін көзбен көріп, ауыл тазалығын қарағалау. Көше бойында артық қоқыстың жатқанын қаламайтын. Ауыл халқы да уақыт өте келе мұндай темірдей тәртіпке көндікті. Көшеде ащы суга сұлқия тойып алған ауылдастарын көрсе, ер адамша ұрсып, бұл жүрісінің дұрыс еместігін айтып, жөнге салатын. Жас отбасылардың мәселесіне де жаны ауырып, барынша ақыл-кеңесін айтып, шаңырақты шайқалтаудың жолын қарастыратын. Қысқасы, ауылдың берекесі мен бірлігін айрандай ұйытып, халықтың жақсы өмір сүруі жолында күн демей, түн демей, еңбек еткен тулғаны халық ешқанда да ұмытпайтыны анық. Бүгінде бұлай қызмет ететін әкім жоқтың қасы. Зылиха Жанболатқызының осындай өнегелі еңбек жолының бүгінгі жастар үлгі ала ала деімін.

Адамгершіліктің ақ туын аласартпаған асыл жан ежел соңында әр саланың жұмысын қорытындылап, жақсы нәтиже көрсеткен қызметкерлер мен жұмысшыларға өз атынан сыйлық тағайындап, оларды еңбекке талпындыратын. Еңбек адамның өнегесін біріңгі елеп-ескеретін. Осындай қамқорлығы мен жанаушылығын сезінген ауыл халқы Зылиха Жанболатқызының бірауыз сөзін жерге тастамай, ерекше құрметтеп, сыйлай білді. Себебі, қазақтың қарапайым ғана отбасынан шыққан қызы барлық құрметке де лайық еді.

Саналы ғұмырын адал еңбекке сарп етіп, бейнеттің зейнетін көрген асыл жан шын мәнінде бақытты ғұмыр кешті. Өйткені, жұмсақ мінезімен, мейірімді жүрегімен мыңдаған тағдырды түзу жолға салғаны әлі күнге дейін ел аузында айтылып жүр. Қиналған талай жанның жанына демеу, көңіліне медет болып, бұл өмірде аяғынан тік тұрып кетуіне көмектесті. Халқы деп соққан жүрегі үнемі даналықтың, парасаттылықтың ерен үлгісін көрсетті. Орталықта болмаса да, жақсы адамның жарқын бейнесі әрбір жетісулықтың жүрегіне сақтаулы деп ойлаймын.

Танатар ӘБДІРАХМАНОВ,
Көксу ауданының Құрметті азаматы

рып үлгерді. Өңірде қызған құрылыспен қатар егістік алқаптары да іріленіп, дәндідақыл көлемі еселеп артты. Еңбекші ауылында агротехника мәдениеті насихатталып, әр тақырыпта тәжірибелік семинар-кештер ұйымдастырылды.

Әсіресе, қызылша өсіруде ауыл тұрғындарының аты шығып, облыстан ары республикаға тарап жатты. Еңбегі ескеріліп, бағы жанған ауыл азаматтары ауылдық, аудандық, облыстық кезек депутаты болып сайланса, ал Зыққа ұзақ жыл бойы ҚазССР Жоғары кеңесінің депутаты ретінде бүкіл одақтас елдерге танылды. Зылиханьң небәрі 23 жасында халық қалаушысы атанып, депутат мінберінен үн қатуы ерен өңбегінің арқасында жеткен нағыз тарихи оқиға дер едім. Одан кейін де бас-аяғы 17 жылғын депутаттыққа арнап, елдің мұң-тілегін жариялап, талай мәселенің оңтайлы шешілуіне ықпал етті. Жоғары кеңес төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалуы оның тұлғалық келбетін бұрынғыдан да айшықтай түсті.

Иә, Зықан мұндай атак-дәрежеге, танымалдылыққа жайдан-жай жете салған жоқ. Бұл жерде тағы да адам данқын адалдығы мен еңбеккерлігі, ортасына деген сыйласымдылығы, көпке топырақ шашпай, үнемі қамқорлыққа, береке-бірлікке жұмыс істеуі секілді мөңгілік құндылықтар шығаратыны ап-айқын көрініп тұр. Зылиханьң бүкіл өмірі ауылмен байланысып жатыр. Ол қалаға ұмытылмады, қалың елі – қазағының түп-тамыры ауылмен өрілгенін жақсы білді.

Тағдырдың жазғаны бойлар, анасынан жас қалған Зылиха өкесінің ұлы ретінде еңбекке ерте араласты. Қызы ретінде үй шаруаларын толығымен өзі атқарды. Қиыншылықтың салмағы артқан сайын қағылез жастың да бұғанасы ерте бекіп, қамығуға жол бермей, керісінше, жігерленіп өсті. Оның балалық шағын, қалыптасу жылдарын кіндік қаны тамған жері – Қербұлақ ауданы, Шоқан ауылының тұрғындары әлі күнге дейін аңыз қылып айтады.

Кітапхана менгерушісі, бастауыш комсомол ұйымының хатшысы, тауарлы-сүт фермасының менгерушісі, ауылдық кеңестің төрайымы секілді қызмет сағыларынан шырдалып шыққан Зылиха Жанболатқы-

зы, қазақтың қара домалақ қызы қайраттылығы мен ерен еңбеккерлігінің арқасында қоғам қайраткері деңгейіне дейін көтерілді. Сол кездегі Талдықорған ауданы, Сталин атындағы ұжымшар төрағасы, аты одаққа танылған Нұрмолла Алдәбергеновке арнайы келіп, шаруашылығымен танысып, ақыл-кеңесін тындап, ағасының ақ батасын алып қайтуы, айтары жоқ, Зылиханьң нағыз еңбек адамдарын құрметтейтіндігін білдіреді.

Жастардың білімге құштарлығын арттыру, еңбекке ынталандыру, ауыл мәдениетін дамытуға жұмылдыру сияқты тәр-

◆ ЖОҒАРЫ БІЛІМ

ҰЛТ ТАРИХЫН ДӘРІПТЕЙМІЗ

Адам өмірде екі нәрседен қателеспеуі қажет: мамандық таңдауда және жар таңдауда. Сондықтан, асқақ арманын аялаған, елін, жерін, тарихын сүйген жас талапкер үшін «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығын таңдаудың маңызы зор. Оның үстіне, осы мамандық бойынша болашақта магистратура және докторантурада білімін жалғастыруына болады.

Біздің «Археология, этнология және музология» кафедрасынан студенттер өнертанушы, археолог және этнолог біліктілігін алып шығады. Жұмысқа орналасуы жүз пайыз. Білікті де білімді ұстаздар дәрісінің арқасында жыл сайын көптеген мамандар өмірде өз орнын табады.

Қазіргі таңда мамандық таңдау – күрделі үрдіс. Көп оқушылар физика, математика пәндеріне грант көп бөліндіктен бағдарлы пән ретінде таңдап, тегін оқудың амалдарын қарастырады. Алайда өз қалауы бойынша көне жәдігерлерімізді зерттеумен, әртүрлі халықтардың шығу тегі, дәстүр-салты мен музейде ақпараттық танымдық экскурсия жүргізу істерімен айналысу өте қызық екенін ескерген жөн. Біз-

дің кафедра республика бойынша ең алдыңғы қатардағы археолог, этнолог және музей ісі мамандарын дайындау арқылы танымал. Студенттер Ғылым ордасымен, ҚР Орталық мемлекеттік мұражайымен, Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайымен, басқа да мекемелермен жұмыспен қамту бағытында тығыз байланыста тәжірибеден өтеді. Мұражай жәдігерлері ұлттық тарихтың дерегі, мемлекеттік қамқорлықтағы тарихи-мәдени ескерткіш болып табылады. Музей мұралары ұлт тарихын дәріптеуде, болашақ ұрпақ тәрбиелеуде ерекше басымдыққа ие.

ҚазҰУ-дағы электронды кітапханада бір уақытта 270 оқырман желіні пайдалана алады және әр оқырман жеке құралдарын алып келуіне болады.

Айта кетерлігі, электрондық кітапханада желімен қатар мультимедиялық және графикалық бағдарламалармен де жұмыс істеуге мүмкіндік бар.

Талай түлектің арманына айналған ҚазҰУ-да оқу мүмкіндігіне қол жеткізгіңіз келсе ҰБТ кезінде дүниежүзі тарихы мен география пәндерін таңдап, тарих және археология білім беру бағдарламасын белгілеңіз. Қалай десек те ҚазҰУ-мен мақтанамыз, тіпті, халыққа танымал болып жүрген азаматтарды біздің түлегіміз деп естігенде көңіліміз көтеріліп, бір марқайып қаламыз. Біз сол тұлғалардың отырған аудиториясында отырып, сол кісілерге сабақ берген ұстаздардан тәлім алып жүргенімізді мақтан тұтамыз. Әлемдік дәрежедегі білім мен спорт сайыстарында топ жарып жүрген ҚазҰУ студенттері сол аға буының жалғасы, біз де сол үрдіске ілесек ұрпақ сабақтастығының жарқын көрінісі болмақ.

**Г. МЕЙРМАНОВА,
Қ. БАУДИЯРОВА,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
доценттері, тарих ғылымдарының
кандидаттары**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Еңбекшіқазак ауданы, Жаңатұрмыс ауылының тұрғыны **Әділбек Бекболатұлы КӨПШІЛБАЕВТЫ** 60 жасқа толуымен құттықтаймыз! Әкемізге ұзақ өмір, денсаулық, өміріне қуаныш, береке-бірлік тілейміз. Балалары мен немерелерінің арасында ойнап-күліп, аман-есен жүрсің.



*Құтты болсын
қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық
өмір сүріңіз.
Алтыстың да асқарына
жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермен шығыңыз.*

*Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз.*

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: зайыбы – Нұрғайша, ұлдары – Райымбек, Рамазан, қыздары – Мақпал, Айнур, Айгүл, келіні – Гуля, немерелері – Шәмші, Айша.



◆ ТӘРБИЕ ДІҢГЕГІ

ҚҰҚЫҚ АЙЛЫҒЫ



Сүйінбай атындағы орта мектебінде қылмыстың алдын алу мен құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында «Құқықтық тәрбие айлығы» өтті. Жамбыл аудандық білім бөлімінің бас маманы А. Зейнелаева, аудандық полиция бөлімінің ювеналдық полиция тобының учаскелік аға инспекторы, полиция майоры А. Ғазизова, қатардағы полиция инспекторы А. Есімбекова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Монтаева бірлесе атқарған игі шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Қашықтан оқыту кезеңіндегі шаралар ZOOM, Whatsapp желілері арқылы жүргізілуде. Құқық айлығы аясында сынып жетекшілері А. Алиақбарова, Ж. Қадырқұлова 8-9-сынып оқушыларымен «Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам», «Құқық әлемінде» атты сынып сағаттарын өткізді. Тарих пәнінің мұғалімі Р. Мамытбекова жоғары сыныптармен «Заң бәрімізге ортақ» құқықтық оқу шарасын ұйымдастырды. «Қыз болашағы – ұлт болашағы» тақырыбындағы мектепшілік қыздар жиналысында «Салтанат» қыздар ұйымының жетекшісі С. Айтбаева, мектеп медикесі А. Байбөлекова, педагог-психолог Ж. Бижанова қыздарға әңгіме-кеңестерін айтты.

Жоғары сыныптың балаларымен «Ұлша тәрбиелесен – ұл болады, құлша тәрбиелесен – құл болады» деген даналығы басшылыққа ала отырып, АӘД пәнінің мұғалімі А. Әбішев, педагог-ұйымдастырушы А. Әбутәліп ұлдар

жиынын өткізді. Кері байланыста ұлдар өз ойларын ашық айтты.

«Менің инспекторым» бағыты бойынша полиция инспекторы А. Есімбековамен кездесу өтті, онда оқушылар мен ата-аналарға құқықтық сауаттылық бойынша кеңес берілді. «Айыппұл қандай жағдайда салынады? Мөлшері қандай? Жасөспірімдердің түнгі уақытта жүруіне тыйым салынған ба?» деген сауалдарға жауап алынып, оқушылар арасындағы бопсалау, отбасындағы ки-кілжің, т.б. мәселелер кеңінен қозғалды.

«Түнгі бала» рейді ауылымызда тұрақты түрде айына бір рет жүргізіліп тұрады. Мейрам күндерінде тәртіпсіздікке жол бермеу мәселесі де мектеп әкімшілігі тарапынан қадағаланады. Бұл іс-шаралардың құқықбұзушылықтың алдын алудағы маңызы зор.

**Ләйлә БАЙБӨЛЕКОВА,
Сүйінбай атындағы орта мектеп
директорының орынбасары**

Жамбыл ауданы

◆ ДЕНСАУЛЫҚ

Қытай, Алтай өлкесі, Ресей мемлекетінде болып, білім-тәжірибесін ұштап қайтқан ҚР құрметті халық емшісі Азат Мұсаұлы Алматы қаласында ем жүргізіп жатыр.

ЖАЗЫПМАЙТЫН АУРУ ЖОҚ

Шипагер тамыр ұстап, диагноз қояды. Аурудың 75-ке жуық түрін Алатаудың баурайынан жиналған таза шөп дәрілермен емдейді, алтын ине қояды, теңіз тұзы арқылы бұлаулар жасайды, сонымен қатар, хиджама жасау арқылы артық қан алады. Атап айтсақ, шипагер бастың барлық ауруларын және мидағы ісік, бауыр-бүйрек, жүрек, асқазан, шыршық, енге суық тию (простатит), гайморит, тік ішек (геморрой), бел, аяқ-кол, буын ауруларының барлық түрін, сонымен қатар, жазылуы қиын деп есептелетін сусамыр (сахарный диабет), кеңірдекшелердің асқын қабынуы (бронхиальная астма), әйелдердің жатыр, емшек безі (киста, миома) ауруларын сапалы емдеп, жазып жүр.

Шипагердің жол ашуға мүмкіндік жасайтын, арак қойғыза алатын және Тибеттік құпия әдіс – арнайы нүктелерге алтын ине қою, қан алу арқылы 10-15 жылға жасартуды меңгерген ерекше қасиеті бар. Емші 13 жылдық еңбек өтілінде тек алғыс арқаулаумен келеді.

Емші қосымша жанына көмекші бола алатын адам іздейді. Айлығы 110-130 мың теңге көлемінде. Көмекшілер тегін тамақпен, үй-жаймен қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге, емші аспазшы және массаж жасайтын маман жұмысқа қабылдайды.

Қаралушылардың таза дәретпен, сеніммен келулері керек. Байланыс телефондары: 8-777-277-54-85, 8-747-479-99-56. Мекенжайы: Алматы қаласы, Тонькөк көшесі, 23-үй, (емдеу орны Алатау ауданы әкімдігі ғимаратының жанында орналасқан).

Қазақстан Халық емшілері қауымдастығы РҚБ №1170 куәлік берген, сертификат №17, 06.01.2020 жылы берілген.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:

Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:

Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.

Меншікті тілшілер: Алакөл — 8-777-388-57-77, Панфилов — 9-12-27, Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11, Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49, Қарасай — 8-701-347-60-32, Еңбекшіқазак — 8-701-212-00-96, Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50 Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Алма ЕСЕНБАЕВА

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріптен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет айтсына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Эл. мекенжайымыз: www.7-su.kz

Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат



Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Талсырыс — 1141 «Өлке тынысы» ЖШС басылмаларының жалпы таралымы — 27 496, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 17 739. Индексі — 65469.

◆ ЗОЖ

Влияние алкоголя на человека

Алкоголь – это бесцветная спиртосодержащая жидкость, оказывающая успокаивающее и подавляющее действие на центральную нервную систему. Употребляется внутрь преимущественно в виде пива, вина или крепких напитков.

Мало кто из людей задумывается, что алкоголизм – это очень тяжелое заболевание, вызываемое систематическим принятием спиртных напитков.

Его симптомами являются постоянная потребность в алкоголе, психические, соматические и неврологические нарушения, уменьшение физической активности, снижение умственной работоспособности, деградация личности. У людей, страдающих алкоголизмом, места проживания не содержатся в надлежащем порядке, как и внешний вид их самих.

В небольших дозах алкоголь оказывает действие стимулятора, который помогает снять напряжение в мышцах и расслабиться. Но проблема в том, что мало кто может удержаться на уровне малых доз потребления. Если доза алкоголя повышается, то его действие становится прямо противоположным. Алкоголь в больших дозах оказывает действие депрессанта, который угнетает

психику, ослабляет волю человека, а также вызывает потерю интереса человека к своей жизни.

Мозг является самым активным потребителем энергии. Отрицательное действие алкоголя на мозг связано с нарушением доступа кислорода к нейронам в результате алкогольной интоксикации. Алкогольное слабоумие, развивающееся при длительном употреблении алкоголя, является результатом гибели мозговых клеток.

Человек, страдающий алкоголизмом, обманывает и себя, и других, а его жизнь является постоянной игрой с судьбой.

Осмыслив данную информацию, каждый из нас может определить, какой жизненный путь выбрать для себя. И если это трезвая жизнь — это похвала Вам и Вашему окружению.

**Ж. ОСПАНОВА,
директор ЧУ «Институт
общественного здравоохранения»**

◆ НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН САҚТАЙЫҚ

Жаз, күз айы келісімен адамдардың табиғат аясына шығып, демалуы көбейеді. Әрине, табиғат аясында демалу адам денсаулығына пайдалы. Десе де, мұның ескертін тұстары да аз емес.

Әсіресе, табиғат байлығына зиян келтіретіндер көп кездеседі. Орманды қызыл жалынға орап, демалыстың соны келенсіз жағдайға әкеп соғады. Мұның барлығы өрт қауіпсіздігінің дұрыс сақталмауынан. Табиғат аясында демалыс кезінде тұрғындардың отты абайсыз қолдануы табиғи өрттерге себеп болып отыр. Талдау көрсеткендей, жаз кезеңінде өрттің саны өседі.

Орманды дала алқаптарындағы өрттің себебі әртүрлі. Бұл қараусыз жағылған күйінде қалдырылған от, сөндірмей тастап кеткен темекі тұқылы, майланған, жанғыш заттарды және коқысты қалдырып кетуден туындайды. Табиғатта өрттің себепкері болмау үшін жаз ағаштың қылқан жапырақта-

рының, бүлінген орман учаскелерінің, шымтезекті батпақтың маңында, қурап қалған шөп орнында, ағаштардың астында от жақпаңыздар. Отты тек қана арнайы белгіленген орындарда жағу қажет. Орманнан, дала алқабынан кеткен кезде от толық сөнгенше топырақпен көміп немесе үстінен су құю керек. Сонымен бірге жанғыш заттарды, коқысты, сөндірілмеген темекі тұқылын тастамау керектігін естен шығармаңыз.

Құрметті облыс тұрғындары! Қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелеріне нежұрайды қарамаңыздар, табиғат аясында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыздар!

Орман және дала алқаптарында кез келген құрғақ шөптің жануын байқаған кезде оны сөндіру қажет. Ал егер өз күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса онда ауылдық округ әкіміне, орман шаруашылығының жұмысшыларына, ортқа қарсы қызметіне және полицияға хабарлаңыз.

**А. ҚАСПАҚПАНОВ,
Қора орман шаруашылығының
қызметкері**

◆ БІЛІМ

Қашықтан оқыту көп жылдан бері оқу орындарында дәстүрлі түрде өз орнын тауып келген оқытудың бір түрі екендігі бәрімізге мәлім.

Бүгінгі күннің талабы

Дегенмен, қазіргі таңда әлемде болып жатқан індеттің таралуына байланысты бұл оқыту түрінің маңыздылығы арта түсті. Себебі, еліміздегі мектептер колледждер, жоғары оқу орындары COVID-19-дың таралу қаупіне байланысты өз жұмыстарын тоқтатып, оқушыларды, студенттерді қашықтан оқытуға кірісті. Ал қашықтан оқыту босаңсуға жол бермейді, өйткені, қазіргі заманғы технологиялар оқу үрдісінің барлық кезеңдерін қашық форматқа көшіруге толығымен мүмкіндік береді. Яғни, қашықтан оқыту карантин жағдайында оқу үрдісін жалғастыруға мүмкіндік туғызып отыр.

Бәрімізге белгілі, қашықтан оқытуды ұйымдастырудың түрлі формасы бар: онлайн және оффлайн, кең таралған үшінші түрі – вебинар. Онлайн режимде мұғалім мен оқушы арасында оқыту жүргізіліп жатпағанымен оффлайн режимде жұмыс қарқынды. Әлеуметтік желілерде мұғалімдер өз пәндері бойынша қызықты бейне-тапсырмалар беріп, кері байланыс алуға. Сондай-ақ, өз білімдерін жетілдіру мақсатымен мұғалімдерге арналған онлайн желісінде өтетін сан алуан олимпиада, семинар, конференцияларға да қатысуда, педагогтармен тығыз жұмыс жасауда. Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың үшінші түрі – вебинарлар өткізу күнделікті жұмысқа айналды. Әр филиал мұғалімдері «Zoom», «Go to meeting» платформаларында түрлі тақырыпта өз тәжірибелерімен бөлісіп, педагогикалық оқуларға қатысуда («Сабақты зерттеу тәсілдері» «Мәтін талдаудағы тиімді әдістер», «Заманауи оқыту әдістемелерінің жеті негізгі модулі»). Осылайша әр орталық бір-бірімен тығыз байланыста компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз тәжірибе алмасуды іске асыруда.

Әрине, кез келген оқыту түрі біржақты бола бермейді. Яғни, оның өз артықшылықтары мен кемшіліктері де бар. Қашықтан оқыту түрінің еркіндігі мен икемділігі, жағдайға қарамайтын, кез келген тұлғаның білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік тудырады. Сонымен бірге, қашықтан оқыту артықшылығы бар болғанымен, қатысушылардың бір-бірімен жеке байланысы аз, кейде мүлдем жоқ деп те айтуға болады. Дегенмен, карантин аяқталып, өз жұмыс орнымызға оралған жағдайда дәстүрлі оқыту түрімен қатар қашықтан оқыту түрін де бірге ала жүреміз деген ойдамыз. Себебі, жаңа ғасыр адамзаттан оның кәсіби қызметіндегі барлық өзгерістерді біліп, үнемі білім деңгейін жетілдіріп отыруды қажет етеді.

**Саят НҰРМҰХАНБЕТОВ,
Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері**